

Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеудің, сондай-ақ қала құрылысын регламенттеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 01-04-03/47 НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 мамырда 8481 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 690 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.11.2015 № 690 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Заңдарына, «Астана қаласының және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерлердің пайдалану ережесі мен режимін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 1269 қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қатысуымен өткен мәжілістің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 11-5/007-952, 07-139 хаттамасының 4.2-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеудің, сондай-ақ қала құрылысын регламенттеудің ережесі бекітілсін.
2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті осы бұйрықтың әділет органдарында тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Өңірлік даму министрі

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары -*

Б. Сағынтаев

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

*Астана қаласының әкімі
И. Тасмағамбетов* _____

2013 жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 15 сәуірдегі
№ 01-04-03/47 НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет,
қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу, сондай-ақ
қала құрылысын регламенттеу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу, сондай-ақ қала құрылысын регламенттеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабының 1) тармағының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу және қала құрылысын регламенттеу тәртібін анықтайды және Астана қаласы және оның қала маңы аймағы аумағының шекарасында қызмет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілеріне қолданылады.

3. Астана қаласын дамыту және құрылыс салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласы бас жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы қала құрылысын регламенттеу - Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағында құрылыс салуды реттеуге арналған жер учаскелері мен жылжымайтын мүлік объектілері параметрлерінің және түрлерінің жиынтығы;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу аймағы (бұдан әрі – Ерекше реттеу аймағы) – қала құрылысын реттеу мен дамыту құрылыс салудың аумақтық ережелерін сақтаған жағдайда ғана жүзеге асырылатын аумақтар мен қоныстар (облыстық, аудандық, қалалық);

3) аумақтарды аймақтарға бөлу – қала құрылысын жоспарлау кезінде кейбір

аймақтарды қала құрылысы пайдаланудың түрлері мен оларды пайдалану жөніндегі болжамды шектеулерді белгілей отырып, аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу – құрылыс салудың аумақтық (облыстық, аудандық, қалалық) ережелерінде көзделген аумақтарды жобалауға және құрылыс салуға қойылатын ерекше талаптарды белгілеу арқылы қала құрылысы қызметін реттеу;

5) режимдік аумақтар аймақтары – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің ерекше реттеу және қала құрылысын регламенттеу аумақтық объектілері, оларға елді мекендердегі немесе олардан тыс жерлердегі ерекше реттелетін өзге де аумақтар – ерекше режим объектілерінің маңындағы санитарлық, қорғаныш немесе қорғау аймақтары, су қорғау аймақтары мен белдеулері, қорғалатын объектілерді орналастыруға арналған аумақтар кіреді;

6) резервтегі аумақтар - елді мекендерді дамытуға немесе қонысаралық аумақтарды игеруге (жайғастыруға) арналған қала құрылысының ресурстары, олар аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары мен елді мекендердің және олардың функционалдық аймақтарының бас жоспарлары құрамында белгіленеді және бекітіледі.

2. Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу, сондай-ақ қала құрылысын регламенттеу

5. Астана қаласы және оның қала маңы аймағының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеуге мыналар жатады:

1) қаланың жасыл қорының жерлері (орман паркі аймағының түріндегі жасыл белдеу), сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғаларға, оның ішінде жалдау, өтеусіз және қысқа мерзімді пайдалану құқығындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына берілген жасыл қор учаскелері;

2) су тоғандары, батпақтар алып жатқан су қоры жерлерінің бөлігі, сондай-ақ халықтың су, сауықтыру қажеттіліктері, табиғатты қорғау мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланылатын су тоғандарын бөлу (жағалаулар бойынша) белдеулеріне бөлінген жерлер;

3) табиғатты қорғау, рекреациялық, сауықтыру мақсатындағы жерлер;

4) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер;

5) тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер;

6) жасыл қорға кіретін және кірмейтін жасыл алаптары учаскелері бар, өнеркәсіп, көлік, байланыс, радиохабарлар тарату, теледидар, информатика және космостық қамтамасыз ету, қорғаныс және өзге мақсаттағы жерлер, сондай-ақ су

тоғандары, су арналары, ағаш-бұта өсімдіктері учаскелері.

6. Ерекше реттеу аймақтары құрамында оның шекараларын бекіту кіретін қала маңы аймағының жобасымен анықталады, ол аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларының және елді мекендердің бас жоспарларының негізінде әзірленеді.

7. Ерекше реттеу аймақтарына жатқызылған қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, сондай-ақ елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

8. Ерекше реттеу аймағында құрылысты жобалау және салу кезінде қала құрылысын регламенттеудің мынадай нормаларын сақтау қажет:

1) жеке тұрғын үй құрылысы үшін усадьбалық учаскелердің нормативтік мөлшері нақты қала құрылысы жағдайына және тұрғын үй құрылысының қабылданған типтеріне байланысты белгіленеді, жеке тұрғын үй құрылысы ауданы аумағының жоспарлық шешімі елді мекеннің басқа аудандарымен функционалдық және көліктік байланысын ескереді және барлық усадьбалық учаскелер мен әлеуметтік-тұрмыстық объектілерге автокөліктің жүруін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында көшелердің, жолдардың және өтетін жерлердің қызыл сызықтарының ені олардың санаттарын, көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқынын, елді мекеннің көлік жол-инфрақұрылымының перспективалық дамуын, санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарды, сондай-ақ қолданыстағы қала құрылысы нормативтерін ескере отырып, қабылданады;

3) ірі қара мал ұстайтын үй иелері басым жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында аумақтарды ұйымдастыру кезінде жеке меншік малды айдау және усадьбалық учаскелерге жүк таситын көлік пен тракторлар жүру үшін шаруашылық өту жолдары ескеріледі;

4) жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның алда құрылыс салынатын учаскенің астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың болмауын немесе аз болуын тексеруі.

9. Аумақтары ерекше реттеу аймағына енгізілген елді мекендерді жоспарлау және онда құрылыс салу және қоршаған ортаға әсер ететін жекелеген объектілерді орналастыру Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 200-бабының 3-тармағының міндеттерін ескере отырып жүзеге асырылады.

10. Ерекше реттелетін санитариялық-қорғаныш аймағында жеке тұрғын үйлерді, ландшафтық-рекреациялы аймақтарды, демалыс аймақтарын, курорт, санаторий және демалыс үйлерінің аумақтарын, бау-бақша серіктестіктерінің аумақтарын, ұжымдық немесе жеке саяжай және бау-бақша учаскелерін, спорт

құрылыстарын, балалар алаңдарын, білім беру және балалар ұйымдарын, жаппай қолданылатын емдеу-профилактикалық және сауықтыру ұйымдарын қоса алғанда тұрғын үй құрылысын салуды орналастыруға (салуға) рұқсат етілмейді.

11. Ерекше реттеу аймақтарының аумақтарын жобалау кезінде қала маңындағы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды дамыту аймағын, орман, орман саябақтары және қорғау мен санитарлық-гигиеналық функцияларды орындайтын басқа да жасыл екпелер өсетін жасыл аймақтарды бөлу немесе резервтік аумақтар негізге алынады.

12. Аз қабатты құрылыс пен бау-бақшаны қоса қалалық инфрақұрылымдардың объектілерін бұдан әрі дамыту және салу үшін учаскелерді резервке қою көзделмейді.

13. Ерекше реттелетін шекаралардағы резервтік аумақтарды пайдалану қала құрылысы құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Қала маңы аймағының аумағын пайдалану режимдері Астана қаласының табиғи кешенін қалыптастыратын, төмендегі негізгі аймақтар мен аумақтарды қоса алғанда, оның қала құрылысын аймаққа бөлуін және жоспарлы ұйымдастыруды ескере отырып, анықталады:

- 1) табиғат қорғау аумақтары;
- 2) тарихи-сәулет ескерткіштері мен олардың қорғау аймақтарының аумақтары;
- 3) рекреациялық аймақтар;
- 4) бағалы ландшафттарды қорғау аймақтары;
- 5) суды қорғау аймақтары мен ауыз суымен жабдықтайтын көздерді санитарлық қорғау аймақтары;
- 6) ауыл шаруашылығы алқаптары.